| ***Таңертеңгі гимнастика*** | ***Қараша айының 3- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген***<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| ***Таңғы ас*** | *Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су,*<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.*<br>*«Ас дәмді болсын!» Бала үні.*<br>*Ас құрамымен таныстыру .* | | | | |
| ***Ойындар, ҰОҚ дайындық*** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>*Қанат жаям жалма –жан*<br>*Талпынғандай ұшуға*<br>*Иіліп қол созамын*<br>*Аяғымның ұшына. Бала үні.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдасты рылған оқу қызмет-тері*** | ***Денешынықтыру***<br>***Мақсаты : (ҮК)***<br>*Кегельдер арасымен допты көтеріп жүруді, бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді біледі.*<br>*Ресурстар: Таяқшалар, кеглилер.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***1.Сәлемдесу.***<br>***2. Кіріспе***<br>***Шеңбермен жүру.***<br>*Педагогтың артынан жүру,жүгіру.*<br>*Шеңберге тұру.*<br>*Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.*<br>*Тікелей бақылау.*<br>***3.Жалпы даму жаттығулары. Таяқшамен***<br>*-Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап, жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу (3-4 қайталау.) Б.қ .келу.*<br>*- Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау.*<br>*Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау (3-4рет ) Б.қ.*<br>*- Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Отырып, тұру. Б:Қ*<br>*- Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.* | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы: «Қуыршақты шомылдырайық»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларды қуыршақ пен ойнай отырып сөйлеуге, дене мүшелерін атауға үйрету.*<br>*Ресурстар: Қуыршақ, жуындыратын ыдыстар, айна.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс.*<br>***ҰОҚ өткізілу барысы***<br>***I.Шаттық шеңбер:***<br>*Қуан шаттан алақай,*<br>*Қуанатын күн келді.*<br>*Қуанасың сенде,*<br>*Қуанамын мен де,*<br>*Арайлап атқан күнге.*<br>***II. Миға шабуыл.***<br>*Өлең оқу*<br>*Анау бала, бетін қара*<br>*Кір қожалақ қап-қара*<br>*Тырнағы өскен, шашы көптен*<br>*Алынбапты –ау масқара*<br>*Бұл қандай бала?*<br>***сұрақ-жауап.***<br>*Тазалықтың дос не?*<br>*Атау.*<br>***III.Ғажайып сәт***<br>***Топқа қуыршақтың жылап келуі.***<br>*-Менімен ешкім ойнамайды*<br>*-Маған бәрі сенімен дос болмаймыз деп көп айтады*<br>*-Мен не істеуім керек?*<br>*-Маған көмектесіңдерші*<br>***4.Қуыршаққа көмек***<br>*Ыдысқа су құю*<br>*-Балалар, біз қандай суға жуынамыз?* | ***1.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы: «Өсімдіктерге күтім жасау»***<br>***Мақсаты:*** *Өсімдіктерге күтім жасауды, тәрбиешінің суару тәсіліне назар аудара отырып, күтім жасауды түсінеді.*<br>*Ресурстар: АКТ тех, гүлдер және құралдар.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***I.Психологиялық ахуал***<br>*Өсеміз біз күліп-ойнап,*<br>*Он саусақтың саласындай,*<br>*Өсеміз біз күліп-ойнап,*<br>*Бір үйдің баласындай.*<br>*Бір-бірімзге қарап күлімдейік.*<br>*Бала үні.*<br>***II. Қызығушылықтарын арттыру:***<br>*Адамдардың бәрі қызығады,*<br>*Су құймасаң, сәні бұзылады.(Гүл) Бала үні*<br>***III. Ой дамыту***<br>***АКТ технологиясымен жұмыс. «Гүл»***<br>*Адамдар гүлдерді жақсы көреді. Олардың сұлулығы көңілді көтерді. Гүлдер ауаны тазартады. Бірақ қыста олар өспейді, сосын адамдардың көңілі түсіп қалатын болды. Сондықтан олар гүлдерді үйде отырғызып, оны күтетін болды. Сөйтіп бөлме өсімдіктері пайда болды.*<br>*Мазмұн арқылы саралау*<br>***4.Миға шабуыл***<br>*Біздің бөлмемізде гүлдер бар ма?*<br>*- Бөлме өсімдіктерінің қандай* | ***1.Сенсорика***<br>***Тақырыбы:*** *Күшікке көмек*<br>***Мақсаты:*** *Пішіндерді пайдалана отырып, күшікке үйшік жасауды үйренеді. Пішіндерді және түстерін атай біледі.*<br>*Ресурстар: АКТ тех, геометриялық пішіндер.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>*Шаттық шеңбер*<br>*Кәне қызық ойындар*<br>*Қатарласа қойыңдар*<br>*Амандасып алайық*<br>*Орнымызды табайық*<br>***II. Миға шабуыл. Аудио дыбыс.***<br>*-Балалар бұл ненің даусы? Иттің*<br>*Ал ақырын үріп жатқан не?*<br>*Ия,бұлда-ит, бірақ ол кішкентай күшік . Ит қалай үреді? Қатты. Күшік қалай үреді? Жай.*<br>*Үдеріс арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні.*<br>***III. Ой қозғау.***<br>*Кішкентай күшік неге жай үріп жатыр?*<br>*-Өйткені күн салқындыды, менің үйшігім жоқ деп ренжіп жатыр екен. Күшікке көмек.*<br>*Сыни ойлау, бала үні.*<br>***Ой дамыту.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*-Суретте үлкен ит қандай түсті.*<br>*-Кішкентай иттің түсі қандай?*<br>*Пед жет ойын: «Бантиктер тағамыз»*<br>*Шарты: Дидактикалық материалдармен жұмыс. Әр балаға иттің және күшіктің суретін тарату.*<br>*Түстеріне сәйкес үлкен және кіші* | ***1.Музыка***<br>***Тақырыбы:***<br>*«Күз байлығы»* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тыныс алу жаттығуы**<br>*Араның дыбысын салу. -з-з-з*<br>*Жанама бақылау, сыни ойлау, бала үні.*<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br>*«Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру»*<br>*Тікелей бақылау, бала үні*<br>**Қимылды ойын:**<br>*«Күн мен түн»*<br>*Командада жұмыс, сыни ойлау, бала үні.*<br>**Қортынды.** *Балаларды мадақтау.*<br><br>**Сурет салу.**<br>**Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз»**<br>**Мақсаты:** *Фломастер, қағазбен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады., қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйренеді.*<br>*Ресурстар: Таяқшалар, кеглилер.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс*<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**І.Шаттық шеңбер**<br>*Күнге қарайық,*<br>*Шашымызды тарайық.*<br>*Керіліп дем алып,*<br>*Бойымызды жазайық.*<br>*Бала үні.*<br>**Ғажайып сәт:**<br>*Аудио торғайдың дыбысы. Есік ашылып торғай келу. Торғайдың балалардан көмек сұрауы. Күн салқындады, менің де достарымның да қарны ашты. Бізге жем* | *Бір балаға судың жылылығын байқау тапсырылады.*<br>*Суымыз қандай екен?*<br>*-Қуыршақты жуындыру.*<br>**Жуын, жуын, жуынсақ,**<br>**Қандай жақсы қуыршақ!**<br>**Әйтпегенде бөпешім,**<br>**Кірлеп кеткен екенсің.**<br>**Қазір аппақ боласың,**<br>**Қуанады анашың!**<br>*Орамал не үшін керек?*<br>*Балалардың көмегімен қуыршақты сүртіндіру.*<br>**Дидактикалық ойын:**<br>*«Киімнің сәйкесін тап»*<br>*Қуыршақты киіндіру.*<br>*Балалармен бірге.*<br>**Ойын: «Айна»**<br>**Шарты:** *Айнадан өзінің қандай екенін көру, бағалау*<br>*Қуыршақты айнаға қарату, таңғалу.*<br>*Балаларға рақмет айту.*<br>*Достарына шығарып салу.*<br>**Қортынды.**<br>**Сұрақ-жауап**<br>**Таза баланың досы не екен?**<br>*Сабын,су,сүлгі,айна,тарақ, тіс пастасы,тіс щёткасы.*<br>*Сендеросы заттармен доссыңдар ма?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы:** *«Күз байлығы»* | *пайдасы бар?*<br>*- Гүлдердің түсі қандай?*<br>*- Гүлдердің дұрыс өсуі үшін не істейміз?*<br>*Сыни ойлау, бала үні*<br>*Мазмұн арқылы саралау*<br>**5.Ой қозғау**<br>**Балаларды топқа бөлу.**<br>**1-топ**<br>**Педагог жетекшілігмен ойын**<br>**«Сиқырлы себет»**<br><br><br>*Себеттен сипап сезіп, заттарды алу. Гүлге суқұйғыш, сусепкіш, шағын күрек.*<br>**Сергіту сәті:**<br>*Тербеледі ағаштар*<br>*Алдымнан жел еседі*<br>*Кіп-кішкентай ағаштар*<br>*Үп-үлкен болып өседі.*<br>**2-топқа тапсырма.**<br>**Педагог жетекшілігмен ойын.**<br>**«Гүлді қалай күтеміз»**<br><br>**Суретке өз ойын айту.**<br>*Сурет арқылы гүлдің күту жолдарын айтады.*<br>*шүберек, су сепкіш, су бүркегіш, таяқша беріледі. Тым* | *бантиктер*<br>*-Үлкен бантик қай итке, ал кішкентай бантикті қай итке сыйлаймыз?*<br>*Өнім арқылы саралау, жанама бақылау, бала үні.*<br>**Ой қозғау.**<br>**Геометриялық пішіндермен жұмыс.** *Бала санына қарай.*<br>*Үйшік құрастыру.*<br>*Пішіндерді ретімен қоя білу.*<br>*Үйшікке күшікті кіргізу.*<br>*Күшікке рақмет айту.*<br>*Сыни ойлау, бала үні, креативтілік.*<br>*Шапалақ әдісі.*<br>*Құрлымдалған ойын: «Иттерді тамақтандыр»*<br>*Шарты: Үлкен тарелке және кіші тәрелкені итпен күшікке сәйкес қоя білу.*<br>*Қортынды*<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>**2.Денешынықтыру**<br>**Мақсаты: (ҮК)**<br>*Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді, допты қос қолдап лақтыруды біледі.*<br>*Ресурстар: Доп, ленталар*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс*<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>*1Амандасу.*<br>*2. Негізгі бөлім:*<br>*Шеңбер бойымен жүру,жүгіру.*<br>**3.Жалпы даму жаттығулары**<br>**Лентамен**<br>**1.** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *керек.*<br>*- Балалар торғайлар көнілсіз, Торғайды көңілдендіру үшін тақпақ айтып берейік.*<br>*Торғай,торғай торғайсың, Таяу келіп қонғайсың. Жем шашайын,тойып ал, Суыққа сонда тоңбайсың. Ендеше бәріміз торғайды тамақтандырайық.*<br>*Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.*<br>***ІІІ. Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру.***<br>*Геометриялық сопақша, дөңгелек пішіндерді пайдалана отырып торғай бейнесін салынған параққа Мақта таяқшасын пайда-ланып, қағазға нүктелер салу.*<br>*Мақта таяқшасымен нүктелерді қағаз бетіне түсіріп түсіндіру.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау*<br>***Балалардың өзіндік жұмыстары.***<br>*Педагог жетекшілігмен ойын: «Торғайларды тамақтандырайық»*<br>***Жеке жұмыс:** торғайларға жемді көп беріңдер, жемді көбірек шашсаңдар, торғайлар тез тояды.*<br>*Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, креативтілік, бала үні.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Кәне, қанат жазайық* | | *көп су құюға болмайды.*<br>*Су бүркегішпен қатты сепсе, жапырақтары сынып қалуы мүмкін.*<br>*Гүлдің жанында жүгірме, ойнама, гүл құлауы мүмкін.*<br>***3-топқа тапсырма***<br>***Құрлымдалған ойын***<br>*«Гүлді құрастыр»*<br>***Сылдырмақ.***<br>***Балаларды шеңберге шақыру.***<br>*Сұрақ –жауап*<br>***Рефлексия***<br>*Балаларды мадақтау. Смайлктер беру*<br><br>***2.Денешынықтыру***<br>***Мақсаты : (ҮК)***<br>*Кегельдер арасымен допты көтеріп жүруді, бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді біледі.*<br>*Ресурстар: Таяқшалар, кеглилер.*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***1.Сәлемдесу.***<br>***2. Кіріспе***<br>***Шеңбермен жүру.***<br>*Педагогтың артынан жүру,жүгіру.*<br>*Шеңберге тұру.*<br>*Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу.*<br>*Тікелей бақылау.*<br>***3.Жалпы даму жаттығулары. Таяқшамен***<br>*-Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны екі шетінен ұстап,* | *басты оң – сол жаққа қисайту.*<br>***2.** Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /6 рет қайталау/*<br>***3.** Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі жақта жерде. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қою керек. /6/*<br>***4.** Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанга созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалауша-ны белге қою 6-рет*<br>***5.** Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру.*<br>*Жанама бақылау, сыни ойлау, бала үні.*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*«Допты қос қолдап себетке лақтыру»*<br>*Тікелей бақылау.*<br>***5.Қимылды ойын:***<br>***«Күн мен жаңбыр»***<br>***Ойын шарты:** Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды.*<br>*4К моделі бала үні.*<br>***Қорытынды:***<br>*Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Құс боп желмен ұшайық*<br>*Ұшып-ұшып алайық*<br>*Ұямызға қонайық.*<br>*Құрлымдалған ойын:*<br>*«Біздің көрме»*<br>*Балалардың жұмысын бағалау. Шапалақ әдісі*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Торғайлар балаларға рақмет айтады.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | | *жоғарыға, оңға, солға қарай созылып керілу (3-4 қайталау.) Б.қ .келу.*<br>*- Аяқтары алшақ қойылған, таяқша төменде қолдарымен ұстау. Таяқшаны жоғарыға көтеріп созу, «кілем қағу» соғу қимылын жасау (3-4рет ) Б.қ.*<br>*- Аяқтары алшақ қойылған, таяқшаны кеуденің тұсында. Отырып, тұру. Б:Қ*<br>*- Таяқшаны айналып секіру және жүру. (10 сек) Б.қ. келу.*<br>***Тыныс алу жаттығуы***<br>*Араның дыбысын салу. -з-з-з*<br>*Жанама бақылау, сыни ойлау, бала үні.*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*«Кеглилер арасымен допты көтеріп жүру»*<br>*Тікелей бақылау, бала үні*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Күн мен түн»*<br>*Командада жұмыс, сыни ойлау, бала үні.*<br>***Қортынды.*** *Балаларды мадақтау.* | | |
| ***Серуенге дайындық*** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| ***Серуен:*** | ***Картотека №6***<br>*Балабақша ауласындағы құстарды бақылау*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека №7***<br>*Күз мезгілінде желді бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека №8***<br>*Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека №1***<br>*«Өзге топ балаларының іс-әрекеті*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека № 17***<br>*«Күзгі құстардың тіршілігін бақылау»*<br>*4К моделі, бала үні* |
| | ***КҮЗГІ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| ***Серуеннен оралу*** | ***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*** | | | | |
| ***Түскі ас*** | ***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ.*** *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарынаілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | *№1 1. Ояну*<br>*Қандай ғажап керемет,*<br>*Әсем есік ашылды.*<br>*Түрлі - түсті бояулар,*<br>*Аспанда жайылып шашылды*<br>*Ұйқым шайдай ашылды*<br>*4К моделі, бала үні* | *№2. 1. Ояну*<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.*<br>*4К моделі, бала үні* | *№3 1. Ояну*<br>*Көзімiздiзді ашайық*<br>*Бойымызды жазайық*<br>*Қолмен көзді ұқалап*<br>*Созылып бір алайық.*<br>*4К моделі, бала үні* | *№4 1. Ояну*<br>*Көзіміз ашылды*<br>*Ұйқымыз басылды*<br>*Дем алдық ұйықтадық*<br>*Шаттанып ойнайық.*<br>*4К моделі, бала үні* | *№5 1. Ояну*<br>*Оянайық балалар*<br>*Маған тезірек қарандар*<br>*Шапалақты ұрайық*<br>*Орнымыздан тұрайық.*<br>*4К моделі, бала үні* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | ***Картотека № 9***<br>***Үй жануарлары және олардың төлдері***<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека № 10***<br>***«Дұрыс көрсет, ажырат»***<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека № 8***<br>***«Гүлдерді күтеміз»***<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека № 3***<br>***«Құстар біздің досымыз»***<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека № 11***<br>***«Отбасы»***<br>*4К моделі, бала үні* |
| | ***Әлеумет саласы дидактикалық ойындар картотекасынан. Картотека қосымша тігілген*** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Картотека №6***<br>*Балабақша ауласындағы құстарды бақылау*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека №7***<br>*Күз мезгілінде желді бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека №8***<br>*Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека №1***<br>*«Өзге топ балаларының іс-әрекеті »*<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека № 17***<br>*«Күзгі құстардың тіршілігін бақылау»*<br>*4К моделі, бала үні* |
| | ***Таңертеңгі серуен бақылауын бекіту.*** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.*<br>*Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.* | | | | |

**ЦИКЛОГРАММА**

***«Балақай» кіші тобы:***

***IV апта Қараша айы:22-26.11.2021ж***

***Тәрбиеші:Бабаниязова.М.С***

***Өтпелі тақырып Дені саудың – жаны сау***

***Тақырыпша. «Біз күштіміз, ептіміз»***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгіме-лесу. Ойын-дар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп,*** *көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>*Ата-аналармен амандасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.* | | | | |
| **Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгіме-лесу. Ойын-дар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***Картотека №5***<br>***«Өзім және отбасым»***<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека № 3***<br>***«Құстар біздің досымыз»***<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека № 7***<br>***«Гүлдерді күтеміз»***<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека № 9***<br>***«Дұрыс көрсет, ажырат»***<br>*4К моделі, бала үні* | ***Картотека № 11***<br>***«Бізге күз не әкелді?»***<br>*4К моделі, бала үні* |
| **Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгіме-лесу. Ойын-дар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | ***ӘЛЕУМЕТ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН. (картотека қосымша тігілген)*** | | | | |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қараша айының 4 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету*** | | | | |
| **Таңғы ас** | *Сауықтыру шаралары: Ауызды жуу, жылы сумен шаю. Ас мәзіріне отыру.Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктерді реттеу..***<br>***Балаларды ұоқ-не сұрақтар қоя отырып дайындау, балалармен өзара әңгіме жүргізу.***<br>*Күн шуағын жинаймын.*<br>*Достарыма сыйлаймын.*<br>*Күн жылуын аямасын,*<br>*Шуағымен аяласын. Бала үні.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | ***1.Денешынықтыру***<br>***Мақсаты: (БК)***<br>*Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіруді, допты қос қолдап лақтыруды біледі.*<br>*Ресурстар: Доп, ленталар*<br>*Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:*** | ***1.Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы: «Шалқан» (орыс халық ертегісі)***<br>*Саусақ театры арқылы сахналау.*<br>***Мақсаты:*** *Балалар әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын саусақ театры арқылы* | ***1.Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы: «Табиғаттағы еңбек»***<br>***Мақсаты:*** *Ауладағы ересектердің еңбегіне қызығушылық танытып, еңбекті құрметтеуді біледі. (Суреттер арқылы)*<br>***Ресурстар:*** *АКТ технологиясы, дидактикалық материалдар.*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *4К , бала үні,* | ***1.Құрастыру.***<br>***Тақырыбы: «Үй саламыз»***<br>***Мақсаты:*** *Балалар құрылыс блоктарымен үй жасауды біледі. Олардың түсін, пішінін, көлемін ажыра алады.*<br>***Ресурстар:*** *АКТ технологиясы,* | ***Жапсыру***<br>***Тақырыбы: «Ыдыстағы көкөніс»***<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ***<br>***І.Шаттық шеңбері.***<br>*«Арайлап таң атты»*<br>*Арайлап таң атты,*<br>*Күн шуағын шашты.*<br>*Сәлем күн, сәлем жер*<br>*Сәлем достар* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1Амандасу.<br>2. Негізгі бөлім:<br>Шеңбер бойымен жүру,жүгіру.<br>**3.Жалпы даму жаттығулары Лентамен**<br>**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту.<br>**2.** Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /6 рет қайталау/<br>**3.** Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі жақта жерде. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қою керек. /6/<br>**4.** Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалауша-ны белге қою 6-рет<br>**5.** Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру.<br>Жанама бақылау, сыни ойлау, бала үні.<br>**4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.**<br>«Допты қос қолдап себетке лақтыру»<br>Тікелей бақылау, блум таксономиясы.<br>**5.Қимылды ойын:**<br>**«Күн мен жаңбыр»**<br>**Ойын шарты:** Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтардың артында | көрсетуді үйренеді.<br>**Ресурстар:** АКТ технологиясы, саусақ театры<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , бала үні, саралау. жанама бақылау<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>Ертеңгілік шеңбер<br>**«Сәлемдесу»**<br>Күлімде, күн күлімде,<br>Кешегіндей бүгінде,<br>Қанат қаққсын көгершін.<br>Бала үні.<br>**ІІ. Қызығушылықты ояту.**<br>Айгүл қуыршақтың келуі.<br>-Балалар менде сендер сияқты балабақшада болғым келеді.<br>Менімен дос боласыңдар ма?<br>-Сендер көп ертегі білесіңдер<br>-Ал,мен ешқандай ертегі білмеймін<br>Балалар Айгүлмен дос боламыз ба?<br>Ол осы топта қаласын ба?<br>Ендеше Бәріміз бірге Шалқан ертегісін тамашалайық.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>Пед жет ойын:<br>«Қандай ертегі?»<br>Шарты: Суретте көрсеткен ертегіні атау<br>**ІІІ. Ой дамыту.**<br>Ертегі кейіпкерлерін саусақ театры арқылы көрсете отырып, түсіндіру. | саралау. жанама бақылау<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**ІІ. Ой дамыту.**<br>**АКТ технологиясымен жұмыс. Слайд көрсету.**<br>Күз мезгілінде күн суытып салқындайды, кейде жаңбыр жауады, жел соғады, жер балшық болады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді, адамдар жылы киіне бастайды, қысқа дайындалады.<br>Күзгі еңбек көрсетіледі, жемістер, көкөністер, егіс алқабы, күзгі серуен.<br>Блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.<br>**ІІІ. Қызығушылықты ояту. "Ғажайып күз бағына" Саяхат.**<br>(топ тбөлмесінің екінші жағына үш түрлі алмалар дайындап қою)<br>- Міне "Ғажайып күз бағына" келдік. Мына алма ағашына қараңдаршы, өте көңілсіз сияқты.<br>Неге көңілсіз тұрғанын сұрайық.<br>-Алма ағашы сен неге көңілсізсің?<br>4 к моделі, бала үні<br>Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау<br>**Алма ағашы:** -Сәлеметсіңдер ме балалар!Менің ғажайып бағыма қош келдіңдер! Менің көңілсіз тұрған себебім, менің алмаларымның барлығы да пісті. Бірақ, оны теріп алатын ешкім жоқ.<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**Барлығы:**-Алма ағашы сен көңіліңді түсірме, қазір біз саған көмектесеміз.<br>**Құрлымдалған ойын: «Алма жинау»**<br>**Алма ағашы:** -Рахмет сендерге балалар!Мен жеңілдеп, көңіл-күйім көтеріліп қалды.Мен | геометриялық пішіндер.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , бала үні, саралау. жанама бақылау<br>**ҰОҚ өтілу барысы**<br>**І.Шаттық шеңбері.**<br>Күнім күліп арайлы,<br>Тереземенен қарайды.<br>Достарыммен шеңберге,<br>Тұрғанымды қалайды<br>Бала үні<br>**ІІ.Қызығушылықтарын ояту.**<br>Карлсон балаларға қонаққа ұшып келді. Ол өзімен бірге ерекше үйлер ала келеді.<br>–Карлсон үйіне көмек беруді сұрайды.<br>-Карлсон үйін жалғастыру үшін не керек екенін білмейді.<br>Үйге жарық неден түседі?<br>Біз үйге қалай кіреміз?<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>Ендеше Карлсонға әдемі үй жасап берейік.<br>**3.Ой қозғау**<br>Суретпен жұмыс<br>Сұрақ-жауап<br>-Үйді кімдер тұрғызады?<br>терезе,есіктері, шатырлары көлемдеріне көңіл аудару<br>Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, бала үні.<br>**Бой сергіту:**<br>Мен құрылысшы боламын,<br>Зәулім үйлер саламын.<br>Өз қаламды көркейтіп,<br>Ел алғысын аламын. Бала үні.<br>**4.Ой дамыту**<br>**Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету**<br>Балалрдың өз бетінше жұмысы. Үй құрастыру<br>Сыни ойлау. Тікелей бақылау. | Бәріміз бірге болайық.<br>**Ресурстар:** АКТ технологиясы, көкөністер суреті.<br>**Әдіс-тәсілі:** 4К , бала үні, саралау. жанама бақылау<br>**ІІ.Ғажайып сәт**<br>Есік қағылады.<br>Не деген тамаша. Біздің топтың есік алдына себет толы көкөністерді тастап кетіпті.<br>Пед жет ойын:<br>«Көкөністерді ата»<br>Шарты: Себеттегі көкөністерді атап шығу.<br>-Қияр, сәбіз, қызынақ, пияз, картоп-көкөністер деп атаймыз.<br>-Көкөністер қайда өседі екен?<br>-Көкөністердің құрамында қажетті дәрумендер өте көп көкөністердің бірі-қияр мен қызанақ.<br>- Қиярдың түсі қандай?<br>-Пішіні сопақша түкті болып келеді.<br>Қызынақтың түсі қандай?<br>Қызанақ-қызыл түсті пішіні дөңгелек.<br>Өнім арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні. **Сергіту сәтті ІІІ.Себет түбінен хат тауып алу. Бағыбан атадан жіберелген. Хаттаы оқу.**<br>Құрметті бүлдіршіндер Мен сіздерге хат жазып отырған себебім мен жазда еккен көкөністерімді күз мезгілінде жинауға үлгірмей жатырмын Бақшамдағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды.<br>4К моделі бала үні.<br>**Қорытынды:**<br>Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/<br><br>**2.Сурет салу**<br>**Тақырыбы.** «Еңбек құралдары»<br>**Мақсаты:** Балалар еңбек құралдары туралы түсіне отырып, топқа бөлу арқылы трафарет көмегімен еңбек құралдарын қағаз бетіне түсіре алады.<br>Ресурстар: АҚТ технол, еңбек құралдарының суреттері.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс<br>**ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ**<br>**Шаттық шеңбері.**<br>**Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»**<br>Бір шаңырақ астында,<br>Тату –тәтті тұрамыз.<br>Бірге ішеміз асты да,<br>Бірге сайран құрамыз.<br>Бала үні.<br>**ІІ.Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Тосын сәт. АҚТ технологиясымен жұмыс.**<br>**Бағбан ата.** Көмек сұрау.<br>Балалар менің күрегімнің басы, кетпенімнің сабы, балтамның басы сынып жұмыстарымды жасай алмай отырмын.<br>Көмектесесіңдер ме маған?<br>Балалар: Әрине<br>Сыни ойлау, бала үні.<br>**3.Ой дамыту** | Ертегі желісінен сұрақтар қоя отырып жауап алу.<br>-Ата не екті?<br>-Шалқан қалай өсті?<br>-Ата неге көмек сұрады?<br>-Көмекке кімдер келді?<br>Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні, жанама бақылау.<br>Құрлымдалған ойын: «Ретімен қоямыз»<br>Шарты: Шалқан ертегісіндегі кейіпкерлерді ретімен қоя білу.<br>Айгүл қуыршақтың рақмет айтып топ балаларымен қалуы.<br>**Қортынды**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**2.Музыка**<br>**Тақырыбы:** «Көңілді күз» | сендерге тапсырмалар беремін. Егер тапсырмамды жақсы орындасаңдар сендерге өзімнің сыйымды беремін.<br>**Тапсырма: Еңбек туралы қандай тақпақтар білесіңдер.** (алдын ала дайындалған жұмыс)<br>Пед жетекшілігмен тақпақ жаттау. «Еңбек»<br>Қырға шыққан өрлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>Кесте тіксең зерлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>Гүл отырғызсаң терлеп,<br>Мұның аты - Еңбек.<br>Қиындықтың бәрін,<br>Еңбек қана жеңбек.<br>Саяхаттан қайту.<br>**Қортынды**<br>**Сұрақ –жауап.**<br>**Балаларды мадақтау.**<br><br>**3.Денешынықтыру.**<br>**Мақсаты: (ҮК)**<br>Гимнастикалық орындық үстінде түзу жүру , қолын белге ұстап жүруді біледі. Құм салынған қапшықты себетке тура лақтырып сала алады.<br>Ресурстар: Гимнастикалық орындық, құм салынған қапшық.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**1.Амандасу. 2.Кіріспе**<br>Тәрбиешінің артынан жүру,жүгіру.Шеңберге тұру.<br>**3.Жалпы даму жаттығулары.**<br>**Құралсыз**<br>1. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары төменде. Басты оң | Жетелеуші сұрақтар, креативтілік.<br>**Пед жет ойын:** : «Түсін ата»<br>Шарты: Карлсонға үйдің қандай болатынын көрсету.<br>**Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме»**<br>Шарты: Балалардың жұмысын бағалау.<br>Карлсон рақмет айтып қоштасу.<br>**Қортынды**<br>**Біздің үй ( Ғ.Өкеев)**<br>Қалаушы да табылды,<br>Үй салынды, жабылды,<br>Тезерек, есік, едені,<br>Барлығы да әдемі.<br>Құрылысшы боламыз,<br>Зәулім үйлер саламыз.<br>Мазмұн арқылы саралау<br>**Балалардың жұмысын мадақтау.**<br><br>**2.Денешынықтыру**<br>**Мақсаты: (БК)**<br>Гимнастикалық орындық үстінде түзу жүру , қолын белге ұстап жүруді біледі. Құм салынған қапшықты себетке тура лақтырып сала алады.<br>Ресурстар: Гимнастикалық орындық, құм салынған қапшық.<br>Әдіс-тәсілдер: 4К моделі, бала үні, бақылау, саралау, командамен жұмыс.<br>**ҰОҚ өтілу барысы:**<br>**1.Амандасу. 2.Кіріспе**<br>Тәрбиешінің артынан жүру,жүгіру.Шеңберге тұру. | қияр мен қызанақтарымды жинауға көмектесесіңдер ме ? Мен сіздерді күтемін.<br>**2. Шығармашылық жұмыс.**<br>Құрлымдалған ойын: «Бағбан атаға көмек»<br>**Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету.**<br>Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру.<br>Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту.<br>**Өз беттерінше жұмыс.**<br>Дайын ыдысқа қиылған көкөністерді жапсыру.<br>Креативтілік, бала үні, сыни ойлау, жанама бақылау.<br>Қадағалау, көмек көрсету.<br>**Пед жет ойын: «Біздің көрме»**<br>Шарты: қортындылау.<br>**Балаларды мадақтау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Суретпен жұмыс.**<br>*Пед жет ойын: «Атын ата»*<br>*Шарты: еңбек құралдарының атын атау.*<br>*-Еңбек құралдары туралы түсінік беру.*<br>*-Күрек бізге не үшін керек?*<br>*-Балта бізге не үшін керек?*<br>*-Кетпенмен не істейміз.*<br>*Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы, сыни ойлау, бала үні.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Орнымыздан тұрайық*<br>*Қолды белге қояйық*<br>*Жоғары,төмен қарайық*<br>*Қос аяқтап секіріп*<br>*Бойымызды жазайық. Бала үні.*<br>***Балаларды топқа бөлу.***<br>*Оқу ортасы арқылы саралау.*<br>*1-топ. Күрек суретін*<br>*2-топ. Кетпен суреті*<br>*3-топ. Балта сурету.*<br>***Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету***<br>*Өз беттерінше жұмыс жасау.*<br>*Қадағалау, көмектесу*<br>*Жанама бақылау, креативтілік, бала үні.*<br>*Құрлымдалган ойын: «Біздің көрме»*<br>*Шарты: Балалар бір –бірінің жұмысын бағалау.*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау.* | | *жақ, сол жақ иыққа қою. 6 р*<br>***2.** Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде.1 - алға қарай еңкейіп, қолды аяқ басына дейін жеткізу керек.*<br>***3.** Аяқты алшақ қоямыз, қолды алдыға созамыз. Отырып ,тұру. 6 рет*<br>***4.** Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде. 1- қолды бастан асыра көтеріп шапалақтап және аяқты алшақ ұстап секіру .*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*Жанама бақылау, сыни ойлау, бала үні.*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*-Гимнастиқалық орындықтан түзу жүріп өту.*<br>*- Құм салынған қапшықты себетке тура лақтырып салу.*<br>*Тікелей бақылау, блум таксономиясы, бала үні*<br>***5. Қимылды ойын:*** *«Қоянға сәбіз жинаймыз»*<br>*4К моделі, бала үні.*<br>***6.Қортынды**: Еркін жүру. Қол белде екі жаққа шұғыл бұрылып жүру. . Балаларды мадақтау.* | ***3.Жалпы даму жаттығулары.***<br>***Құралсыз***<br>***1.** Аяқтары алшақ қойылған , қолдары төменде. Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. 6 р*<br>***2.** Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде.1 - алға қарай еңкейіп, қолды аяқ басына дейін жеткізу керек.*<br>***3.** Аяқты алшақ қоямыз, қолды алдыға созамыз. Отырып ,тұру. 6 рет*<br>***4.** Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде. 1- қолды бастан асыра көтеріп шапалақтап және аяқты алшақ ұстап секіру .*<br>***Тыныс алу жаттығулары:*** *мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>*Жанама бақылау, сыни ойлау, бала үні.*<br>***4.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.***<br>*-Гимнастиқалық орындықтан түзу жүріп өту.*<br>*- Құм салынған қапшықты себетке тура лақтырып салу.*<br>*Тікелей бақылау, блум таксономиясы, бала үні*<br>***5. Қимылды ойын:*** *«Қоянға сәбіз жинаймыз»*<br>*4К моделі, бала үні.* | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **6.Қортынды**: Еркін жүру. Қол белде екі жаққа шұғыл бұрылып жүру. . Балаларды мадақтау. | |
| **Серуенге дайындық** | **Киіну:** Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. | | | | |
| **Серуен:** | **Картотека № 21** Ауа-райын бақылау. 4К моделі, бала үні. | **Картотека № 22** Күзгі жапырақтарды бақылау. 4К моделі, бала үні. | **Картотека № 23** Күнді бақылау. 4К моделі, бала үні. | **Картотека № 24** Күзгі көріністі бақылау. 4К моделі, бала үні. | **Картотека № 25** Күзгі көріністі бақылау. 4К моделі, бала үні. |
| | **КҮЗГІ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫ.** ( картотека қосымша тігілген) | | | | |
| **Серуеннен оралу** | **Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.** | | | | |
| **Түскі ас** | **ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ**. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| **Ұйқы** | **Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | **Жаттығу кешені №6** Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. 4К моделі, бала үні. | **Жаттығу кешені №7** Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық. 4К моделі, бала үні. | **Жаттығу кешені №8** Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық 4К моделі, бала үні. | **Жаттығу кешені №9** Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық 4К моделі, бала үні. | **Жаттығу кешені №10** Көзімізді ашайық Аунап, қунап алайық , Самал жел бізге желпісін, Ұйқымызды ашайық 4К моделі, бала үні. |
| **Бесін ас** | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | **Пед жетек ойын: «Тиінге саңырауқұлақ сыйлаймыз»** **Мақсаты:** Заттарды көріп сипаттау арқылы қоршаған орта жайлы біледі. | **Құрлымдалған ойын: ««Пейзажды құрастыр»** **Мақсаты:** Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы біледі. | **Мнемотехника әдісі** **Педагог жетекшілігімен ойын Киімдер** Мақсаты: мнемо кестемен жұмыс жасай алады, балалар киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе алады. | **Құрылымдалған ойын «Артығын тап»** **Мақсаты:** суреттегі топтастырылған суреттердің артығын табуды біледі. | Пед жет ойын: «Пайдалы азық - түліктер» **Мақсаты:** балаларға денсаулыққа пайдалы азық – түліктерді біледі. |
| | **Жеке баламен жұмыс. Педагог жоспары бойынша** Еркін ойын Жанама бақылау. | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ***Серуен*** | ***Картотека № 21***<br>*Ауа-райын бақылау.* | ***Картотека № 22***<br>*Күзгі жапырақтарды бақылау.* | ***Картотека № 23***<br>*Күнді бақылау.* | ***Картотека № 24***<br>*Күзгі көріністі бақылау.* | ***Картотека № 25***<br>*Күзгі көріністі бақылау.* |
| | ***ТАҢЕРТЕҢГІ СЕРУЕН КЕШЕНІН БЕКІТУ.*** | | | | |
| ***Балалардың үйге қайтуы*** | ***Ата-аналарға кеңес:***<br>*«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».* ***Кеңес:***<br>*«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».* | | | | |